

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 ҚР Президентінің баспасөз қызметінің мәлімдемесі. Париж, 22 қараша, 2012.
- 2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы. - Астана, 14 желтоқсан, 2012.
- 3 Соколова Н. Д. Всемирная выставка – для каждого. – М. : Феникс, 2006. – 124 с.
- 4 Свирина Н. М. История Всемирных выставок / Н. М. Свирина, И. Л. Шолпо. – М.: НЦ ЭНАС, 2003. – 156 с.
- 5 Шаймерденов К. Халықаралық көрмелердің тарихы. – Егемен Қазақстан, 2012, №89.

## ТҮЙІН

В статье говорится о возможности перехода к «зеленой» экономике, нашедшей новое звучание в рамках проведения в Астане международной выставки «EXPO-2017», которая станет первым шагом и катализатором ее реализации. Рассматриваются вопросы стратегии, крупных проектов и основные направления формирования «зеленой» экономики.

## RESUME

The article is about the possibility of moving to a "green" economy that has found a new sound within the framework of the international exhibition "EXPO-2017" in Astana, which will be the first step and the catalyst for its implementation. The issues of strategy, major projects and the main directions of formation of the "green" economy are considered.

ӘОЖ 37.026.9

**Муталова Ж. С.**, техникалық ғылымдар магистрі, аға оқытушы  
**Хайруллина А. С.**, техника және технология магистрі, аға оқытушы  
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал к., Қазақстан

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН  
ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ****Аннотация**

Мақалада «шығармашылық қабілет» түсінігі жөнінде қарастырылған, білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың педагогикалық-ұйымдастырушылық шарттары ғылыми негізделген.

*Түйін сөздер:* шығармашылық қабілет, дидактика, когнитивтік, креативтілік сапалар, кәсіптік бағдар, тұлғалық бағдар, шығармашылық бағдар.

XXI ғасырда жаңа білім беру парадигмаларының енуіне байланысты күрделі тапсырмаларды шешуге қабілетті, өнімді ойлау мен белсенді қиялдауға бейім шығармашыл тұлға дамыту талабы өсе түсуде.

Ұзақ жылдар бойы білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесі түрлі ғылым салалары – философия, педагогика, психология, лингвистика т.б. өкілдерінің назарын аударып келеді. Бұл қазіргі қоғамның жаңа мәселелерді қоя білетін, сапалы шешімдер қабылдауға қабілетті, игерген білімін үнемі іске асыруға ұмтылатын белсенді тұлғаларға мұқтаждығының күн санап өсуіне байланысты. Себебі бүгінгі күні талант пен шығармашылық дарындылық – экономикалық өркендеу кепілі.

Қазіргі таңда жалпы білім беру салаларында жағымды өзгерістер және оқыту мен тәрбиелеу ісінің ұтымды жақтары ашылып жатқанымен, білім алушылардың жеке басының шығармашылық жақтарына терең үңіле бермейміз.

*«Шығармашылық қабілет»* ұғымы жалпы *«қабілеттілік»* ұғымынан оның дербес

біртектес бір түрін - шығармашылық қабілетті іріктеу үдерісінде «шығармашылық» пен «қабілет» ұғымдарын синтездеу нәтижесінде құрылады [1].

Шығармашылық проблемасы адамзатты күні бүгінгі дейін толғандырып келген, әлі де зерттеуді талап ететін күрделі проблема болып табылады. Адамның шығармашылық іс-әрекетінің бүкіл тіршілік көзі ретінде адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі екендігі, әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізудегі орны философия, психология, педагогика ғылымдарында қарастырылған. Шығармашылық проблемасы зерттелген ғылыми еңбектердің мазмұнына қарай, *төрт бағыт бойынша топтастырылған*:

- шығармашылық Тәңірлік құбылыс (Платон, Аристотель, әл-Фараби, А.Ясауи және т.б.);
- шығармашылық санадан тыс жүретін интуитивтік үдеріс (А.Бергсон, Н.А.Бердяев, Б.А.Лезин, Ф.Шеллинг, А.Шопенгауэр және т.б.);
- шығармашылық әрекет ретінде (С.Т.Шацкий, Л.И.Божович, және т.б.);
- шығармашылық жеке тұлғаны қалыптастыру құралы ретінде (Ш.Таубаева, Р.С.Омарова, Қ.Ж.Бұзаубақова, Б.А.Оспанова және т.б.) [1].

Шығармашылық - өте күрделі үдеріс, өйткені онымен айналысатын адам мақсатты сезінеді, міндет қояды және оның шешімін іздейді. Сонымен бірге шығармашылық үдерісте ішкі түйсіктің де, елестетудің де, қиялдың да орны ерекше. Шығармашылық мәселелерін шешу: қуану, қанағаттану, тілек және т.б. ішкі сезімдермен байланысты. Алайда, бұл сезімдер шығармашылықтың ерекшеліктерін толық ашып көрсете алмайды.

«Шығармашылық» ұғымының мазмұны «шығару», «іздену», «жаңаны ойлап табу» деген мағынаны білдіреді, жаңалық ашатын адамның әрекетінен, адамның мақсатқа бағытталған қызметіндегі ізденімпаздығы мен белсенділігінен, табандылығы мен жігерінен құралып, ақыл-ойы мен сезімінің, креативтілігінің бірегейлігінен туындайды.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде шығармашылық проблемасы шығармашылық қабілет пен ақыл-ойдың өзара әрекеттестігі тұрғысынан қарастырылып, дербес фактор немесе дивергенттік ойлаумен тікелей байланысты іс-әрекет түрінде қарастырылған.

Шығармашылық іс-әрекет шығармашылық ортада орындалады, орындалу нәтижелілігі шығармашылық қабілеттермен анықталады, шығармашылық ортада тұлғаның шығармашылық қызығушылығы, белсенділігі, танымдық ізденімпаздығы артып, шығармашылық қабілеті дамиды.

Шығармашылық қабілеттің дамуы бірақ бірқалыпты емес, біртіндеп жүреді. *Оның дамуындағы бастапқы кезең* іс-әрекет талаптарына табиғи қасиеттерді бейімдеу болып табылады. Шығармашылық қабілетті дамытудың *екінші кезеңі* оқу әрекетіне шығармашылық элементтерді енгізумен, мәселені қоюмен және шешімді өздігінен іздестірумен сипатталады. Қазіргі кезде әдіскер ғалымдар түрлі эксперименттің негізінде шығармашылық ойлау үдерісінің *кезеңдік дамуын* айқындауда. Шығармашылық үдерістің әр кезеңінде білім алушының бойында түрлі сапалық қасиеттер қалыптасады [2].

Оқыту үдерісінде білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үдерісі мен оның нәтижесіне әсер ететін мынадай маңызды *факторларды* ескеру қажет:

- шығармашылық белсенділік және шығармашылық іс-әрекетке сұраныс;
- білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамыту шарттары;
- білім алушылардың шығармашылық қабілетін ынталандыру көздері;
- білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамыту әдістері;
- білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамыту құралдары;
- білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтары.

Қарастырылған мәселелер білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған төмендегі ұстанымдарға мән берілу қажет:

- жалпы дидактикалық – ғылымилық, жүйелілік, саналық, түсініктілік, теорияны тәжірибемен байланыстыру, ұжымдық біртұтастық, проблемалық, және т.б.;
- ізгіліктік – іс-әрекеттің сана мен мінез-құлық бірлігін қалыптастыруға бағыттылығы;
- дамытушылық – педагогикалық үдерістегі іс-әрекеттерді білім алушылар тұлғасын

дамытудың көкейкесті қажеттілігін ескере отырып ұйымдастыру;

- жеке тұлғалық – педагогикалық үдерістің жеке тұлғаға бағыттылығы мен күзиреттілікке бағдарланған түрде ұйымдастырылуы;

- вариативтілік – шығармашылық қабілетті жетілдіруге бағытталған демократиялық сапалы білім алушының әрбір білім алушы үшін қол жетерлік болуы;

- жекедаралық – білім алушы мен ұжымның дамуында жас және дара ерекшелікті, психологиялық, физиологиялық, ұлттық ерекшеліктерді ескеру;

- ынтымақтастық – оқу мен тәрбиенің бірлігі, оқу-тәрбие мекемелері мен отбасы, қоғамдық ұйымдар мен еңбек ұжымдарының, балалар мен жастарды тәрбиелеудегі ынтымақтастығы;

- үздіксіздік – білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастық, үздіксіздік пен нақтылықтың ескерілуі, білім алушы тұлғасы мен ұжымның дамуындағы жаңа құрылымды үздіксіз бақылау;

- сәйкестік – оқыту үдерісінде қолданылатын технологиялар мен мазмұнның сәйкестігі.

Ғылыми-теориялық әдебиеттер мен жоғары оқу орындарында білім алушыларға кәсіптік білім берудің қазіргі мүмкіндіктерін практикалық тұрғыда сараптау нәтижесінде, білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлаудың тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі функцияларға тоқталып, жан-жақты сипаттама береміз. Білім алушының шығармашыл тұлғасын қарастыру оның көптеген сапалық қасиеттерінен тұрады:

- когнитивтік (танымдық) сапалары – қоршаған әлемді түсінуі, құбылыстардың мәнін білуге ұмтылуы, танымдық ынтымақтың тұрақтылығы т.б.

- креативтілік (шығармашылық) сапалары – ойлау белсенділігі, шығармашылық шабыт, қиял, болжай білу, ой тереңдігі, қарама-қайшылықтарды көре білу немесе сезу; өзекті мәселені табу; шығармашылық қызығушылығының тұрақтылығы т.б.;

- әдіснамалық (ұйымдастырушылық) сапалар – тапсырманың мақсаты мен мәнін түсіну, мақсатқа жетуде іс-әрекетті оңтайлы ұйымдастыру, нәтижеге жетудегі табандылық, рефлексиялық ой-санасы, коммуникативтік қабілеттері т.б.

Білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамыту негізгі үш бағдарды басшылыққа алу негізінде жүргізіледі: кәсіптік бағдар, тұлғалық бағдар және шығармашылық бағдар.

Кәсіптік бағдар – кәсіби білім, білік, дағдыларды меңгеру, ол кәсіптің маманға қояр талаптары негізінде жүзеге асады.

Тұлғалық бағдарда – жекетұлғалық кәсіби сапалары, болашақ кәсіби қызметке психологиялық дайындығы қарастырылады.

Шығармашылық бағдар – болашақ мұғалімдерді кәсіби қызметке даярлау кезеңінде де, оларды жүзеге асыру үдерісінде де өзара байланыста бірін-бірі толықтырады [3].

Кез-келген шығармашылық үдеріс нақты айқындалған жүйеде жүзеге асырылады:

1. жаңа проблеманы шешудің кезеңдерін айқындау;
2. үдерістің фазасын анықтау;
3. үдерістің даму кезеңдерін белгілеу;
4. оны іске асыру үшін қажетті әрекет жасау.

Бұл жүйе белгілі бір логикалық жолмен мынадай сатылардың негізінде орындалады:

5. Идея → схема (ұстаным) → жүзеге асыру;
6. Ұсыныс → дәлелдеу → рәсімдеу;
7. Болжам → елестету → үдерісті түсіну;
8. Шығармашылық ойлау → жоспар → әрекет.

Жоғарыда талқыланған мәселе заман талабына, маңыздылығына байланысты әлі де зерттеуді қажет етеді.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қарасаев М.Ә. Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық іс-әрекеті жүйесінде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту: оқу-әдістемелік құралы / М. Ә. Қарасаев, Л. Қ. Еркінбаева, А. Нұғысова, Ч.К. Сапарғалиев. – Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы ЖМУ. –2013. –176 б.

2 Әмірова Ә.С. Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру / Ә.С.Әмірова. – Алматы, 2009. – 52 б.

3 Қадірова Б.Н. Оқушылардың шығармашылық әрекетін дамыту – ғылыми-педагогикалық проблема / Б.Н. Қадірова // Білім-Образование. – 2004. – №2. – 16-20 бб.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматривается сущность понятия «творческие способности», научно обосновываются организационно-педагогические условия развития творческих способностей обучающихся.

### **RESUME**

The essence of the concept "creative abilities" is considered in the article, the organizational and pedagogical conditions for the development of the creative abilities of students are scientifically substantiated.

ӘОЖ 81'272:378

**Умбеталина З. Б.**, филология ғылымдарының кандидаты, көптілді білім беруді дамыту орталығының жетекшісі  
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал, Қазақстан

## **КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ СТРАТЕГИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

### **Аннотация**

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілді, орыс және ағылшын тілдерін бірдей меңгерген құзыретті, жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандардың жаңа буынын дайындау Қазақстан жоғары білім беру жүйесінің маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады. Мақалада көптілді білім беруді оқу үдерісіне енгізу тәжірибесі, мәселелері және оны дамытудың келешегі қарастырылған.

***Түйін сөздер:** үш тілде оқыту, тіл біліктілігін жетілдіру, көптілді білім беру, біліктілікті арттыру курстары, халықаралық қатысымдық қабілеттерін дамыту*

Бүгінгі күні қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қатар білу адамның жеке басына да, кәсіби қызметіне де қажет маңызды құзыреттілікке айналып келеді. Дегенмен, үш тілде оқытуға көшу жөніндегі мәселе қоғамда түрлі пікірлер туғызып отырғаны да жасырын емес. Оны мақұлдаушылар да, мүлдем қарсы пікірдегілер де бар. Жұртшылықтың енді бір тобы үш тілде оқытуға көшуді қолдағанымен, оны тәжірибеге енгізуге әлі ертерек деген ойда.

Елімізде бұдан бес-алты жыл бұрын жоғары оқу жүйесіне тәжірибе түрінде енгізілген үш тілде оқытуға кезең-кезеңмен, қадам-қадаммен көшудің стратегиялық бағыттары белгіленді. Қазіргі заман ағымы қажет етіп отырған бұл реформа қоғамымыздағы мемлекеттік органдар мен білім беру мекемелерінің, ата-аналар кеңестерінің, БАҚ өкілдерінің, ғалымдар мен зиялы қауым өкілдерінің өзара түсіністікте, тиімді әрі бірлескен әрекеті арқылы жүзеге асырылатыны белгілі [1].

ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын үш кезеңде жүзеге асыру жоспарланған болатын. 2011-2013 жылдар аралығындағы бірінші кезеңінде тілдерді қолдану мен одан әрі дамытудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық базасын жетілдіруге бағытталған іс-шаралар жиынтығын өткізу белгіленген еді. 2014-2016 жылдарға арналған екінші кезең аясында мемлекеттік тілді меңгеру мен қолдану саласында жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру, сондай-ақ тілдік көптүрлілікті сақтау жоспарланды. Ал үшінші кезеңде, 2017-2020 жылдары, қоғамдық өмірдің барлық саласында мемлекеттік тілдің қажеттілік деңгейі, оның тиісті қолданылу сапасы мен басқа тілдердің ұстанымын одан әрі сақтай отырып, оны меңгеру деңгейіне жүйелі мониторинг жүргізу арқылы нәтижені бекіту жүзеге асырылуы қажет. Бағдарламаны жүзеге асыру қорытындысы бойынша мемлекеттік тілді меңгерген ересектердің үлесі 2014 жылы - 20%, 2017 жылы - 80%, 2020 жылы - 95%. Орыс тілін меңгерген қазақстандықтардың үлесі 2020 жылдарға қарай 90%